

БЕКІТІМЕН : *Жасоның*  
Мектеп менгерушісі Шалабаева Ж.С

### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі	Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы				
Топ/сынып	<b>Ортаңғы топ</b>				
Балалардың жасы	<b>3 жасар балалар</b>				
Жоспардың күрылу кезеңі	<b>05.12-09.12.2022ж.</b>				
Апта қүндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<b>Жұма</b>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, кызыгуышылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Ата-аналар арналған кенес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Үстелдердің жанына орындықтарды қою.</b> Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдін алдына белгілі тәртіpte қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету. (еңбек дағдылары)	<b>Күрылым материалдарын контейнерлерге жинап салу.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. (еңбек дағдылары)	<b>Болме өсімдіктерін суару.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек күйіп, көленкеде өсетіндерге аздал қю, қажетіне қарай суару), бөлме	<b>Ойыншықтарды сөрелерге қою.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіpte қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	<b>Кітап бұрышын тазалау.</b> Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. (еңбек дағдылары)

		осімдіктеріне үқалпты карады үйрету. (сибек дагдылары)		
<p><b>Саусак жаттығу.</b> Максат-міндеттер: балаларды кимылдарды жаттығу мәтінінің ыргагына сай орындаута дагдыланыру; ұсак кол моторикасын, жагымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Бас бармак – атам, Балан үйрек - әжем, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шұмек – анам,</p> <p>Кішкентай бебек – мен,</p> <p>Міне, менің барлық отбасым.</p> <p>Құралдары: саусактарга кігізілетін маскалар.</p> <p><b>Көркем сөз.</b></p> <p>Достарды жинайык, Мұнараны құрайык. Улкені үстіне</p>	<p>"Топ-топ басайық" оныны.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес кимылдарды орындаута үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық (шенберге түру)</p> <p>Жалаудан күн жасайық (коладарын кетеру)</p> <p>Жаса, жаса, алтын күн (бір орында аяқты иық басып жүру)</p> <p>Жаса, жаса, алтын күн</p> <p>Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Токта!».</p> <p>Балалар бауулап, токтайды. Ойын кайталанады.</p> <p>(дение шынықтыру, сойлеуді дамыту)</p>	<p>Саусак жаттығу. Максат-міндеттер: коркем сөзді мәнерлеп айтуга бейімдеу; ұсак кол моторикасын дамыту.</p> <p>Күн деңесін құрайык, (Алакандарды жогары көтеріп, онга-солға бұрандау)</p> <p>Колды жайып бұрайық,</p> <p>Саусактармен жыбырлап, (Саусактарды алакаңға жинап, кайтадан жазып, ашу)</p> <p>Сәулелерді шашайық.</p> <p>Саусактармен жыбырлап, (Саусактарды алакаңға жинап, кайтадан жазып, ашу)</p>	<p>"Үйшікте кім тұрады?" үстел оныны. ("Үйшік" ертеңілік желісімен")</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың сөздік корыны байыту, есте сақтау кабілетін дамыту.</p> <p>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейілкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды. <b>(көркем әдебиет, казак тілі, коршаган ортамен танысу)</b></p> <p>"Пойыз келе жатыр" саусак жаттығу.</p> <p>Максат-міндеттер: балаларды кимылдарды жаттығу мәтінінің ыргагына сай орындаута дагдыланыру; ұсак кол</p>	<p>"Матрешсега қонақса бару" оныны.</p> <p>Максат-міндеттер: заттарды мелшері бойынша ажыратта білу кабілетін бекіту. Караңайым сюжетке біріктірілген әртүрлі оныншылтармен әрекеттердің үлгісін беру. <b>(тәнімдік дагдылар)</b></p> <p>"Зат неге ұксайды?" дидактикалық оныны</p> <p>Максат-міндеттер: геометриялық деңелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналады заттардың геометриялық шілшинін ажыратта білу дагдыларын дамыту.</p> <p>Тәрбиеші геометриялық шілшинде немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның коршаган орталагы қандай затқа ұксайтындығын табады немесе естерінс түсіреді.</p>

<p>ортасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Коямыз да Дананы қуантамыз. <b>(сөйлеуді дамыту, коркем әдебиет)</b></p> <p><b>Пирамидаларды құру жаттығулары.</b> Пирамиданы құрайтын сақиналардың саны 8-10 дана.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасын, көлемін, түсін ажырату қабілеттерін дамыту. <b>(тапымдық дагдылар)</b></p>	<p><b>"Орманыш" дидактикалық ойны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың кейір ағаштар мен бұталардың (діні, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманыш" етіп таңдайды, қалған балалар орманышының көмекшілері болады. <b>(қоршаган ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Сәулелерді шашайық. Шапалакты қагайық, (Шапалак қагу) Көнілді болайық. Д. Ахметова. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Үстел үсті ойны:</b> "Жұп суреттер". Мақсат-міндеттер: балаларды суретте бейнеленген заттарды салыстыру, ұқсастықтарды табу және бірдей суреттерді таңдау әрекетін <b>(қоршаган ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Пойыз келе жатыр: Ток-так-ток, Ток-так-ток. (Саусақтарды үстел бетінде ыргактарға сай кезегімен, куйсандастырып пернесін басқандай тықылдату)</p> <p>Жылдам келе жатыр: Ток-так-ток, ток-ток. (Саусақтарды үстел бетінде ыргактарға сай кезегімен, куйсандастырып пернесін басқандай тықылдату)</p> <p>Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан! (Алақандарды жайып, өзара укалау)</p> <p>Куанышпен қарсы алады: - Алакай! Алакай! (Алақандармен шапалактау)</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p>Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>
---	---	--	---	--

			айтады, сол балага арнайы фишкалар беріледі. <b>(коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту)</b>		
<b>Тәнертеңі жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</li> <li>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.</li> <li>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</li> <li>2. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол төменде.</li> <li>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды.</li> <li>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</li> <li>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшак, доп ұстаған қолдары екі жаңында.</li> <li>3.1. Аяктарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшактайды.</li> <li>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</li> <li>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</li> <li>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</li> <li>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</li> </ol> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<b>"Күйрмаш" саусаққа арналған жаттығу.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғагына сай орындауга дагдыландыру;	<b>Музыкалық аспаптардың көмегімен ойналатын көңілді ойын.</b>	<b>Шаттық шенбері</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық	<b>"Кар үйіндісінің артында не жасырылған?"</b> дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: көрнекі зейінді дамыту; тақырып бойынша сөздікті белсендеру.	<b>"Сөздер тізбегі" ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі топтама немесе ортақ тақырыпқа байланысты сөздерді тізбекке салып, арасында қайталамай, айтып ойнауға машықтандыру; сөздік корын байыту;

	<p>қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Күйр-күйр күйрмаш, Балаларға бидай шаш.</p> <p>Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бебек.</p> <p>Сен тұр – қошақанга бар!</p> <p>Сен тұр – құлыншаққа бар!</p> <p>Сен тұр – лаққа бар!</p> <p>Сен тұр – бұзауқанға бар!</p> <p>Сен тұр – ботаңа бар!</p> <p>Ал сен аландамай, Қазан түбін жалап, үйде жат!</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>ажыратса білуге үйрету.</p> <p><b>"Шапалакты тында"</b> топтық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: шенбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасау.</p> <p>Балалар шенбермен жүреді. Жүргізуши алақанын сокқанда балалар бір аякпен, екі рет</p> <p>шапалақтаганда колдарын екі жакқа созып, үш рет шапалақтаганда жүруін</p> <p>жалгастырады.</p> <p>- Балалар, қанша дыбыс естідіндер?</p> <p><b>(музыка)</b></p>	<p>дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қол алысып, қәне, біз,</p> <p>Достасайық бәріміз.</p> <p>Айтарым бар сендерге,</p> <p>Тез тұрындар шенберге.</p> <p>Қандай жақсы бір тұру,</p> <p>Достарменен бір жүру!</p> <p>Қандай жақсы дос болу!</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Барысы: катырма қағаздан (картон) қар үйіндісі кесіліп алынады. Педагог артына заттың сұлбасының бейнесін жасырады (шаналар, ұлпа қарлар, күн, ағаш, бас киім, қолғап, шанғы, коньки), балаларға қардың артынан заттың бір бөлігін көрсетеді, олар қандай зат екенін болжайды.</p> <p><b>(тәнімдық дағдылар, коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар шенберге тұрады. Педагог белгілі тақырыпты ұсынады, балалар бір-бірінен соң кезекпен осы тақырыпқа (топтамага) жататын сөздерді айтып жатады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, қазак тілі)</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі</b> <b>бойынша</b> <b>ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>Дене шынықтыру "Тәуелсіз елім"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды сап түзеп</p>	<p>Дене шынықтыру "Жайна елім менің!"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларда сап түзеп</p>	<p>Музыка</p> <p>"Тәуелсіз елім"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың ән</p>	<p>Дене шынықтыру "Мен - чемпион".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларда бір-бірінен</p>	<p>Қазак тілі</p> <p>«Үйдің көркі не?».</p> <p>Жиһаздар.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>

	<p>бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүтіруге үйрету; салқа өз ерітерімен тұру кабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен журуге үйрету.</p>	<p>бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттыгуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып калмауы үшін арақашықтық сақтап жүтіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дагдыларын жетілдіру.</p>	<p>арқылы туган жерге деген елжандылық сезімін калыптастыру; әнді тындау кезінде эмоционалды кабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту кабілетін жетілдіру; музыкадагы ыргакты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дагдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би кимылдарын еркін орындауға үйрету; музикалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту.</p>	<p>1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшак ұстаган қалпында допты домалату, қакладан асыра лактыру, допты екі колымен көкірек тұсынан кері, екі колмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) карай төмен лактыру, допты қағып алу машиқтарын дамыту.</p>	<p>Казахстан, оның астанасы - Астана қаласы жайында қазақ тіліндегі мәтінді тындауды үйрету, жиһазлардың атауларын атап, не үшін қажет екенин түсінуді үйрету, сұрақтарға дұрыс жауап беру немесе сейлеудің дұрыс үлгілерін кайталау арқылы диалогта түсү кабілеттерін дамыту.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киоін қадагалау. (мәдени-гигиеналық дагдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Шетендеңі бакылау.</b> (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.</p>	<p><b>Шыршаларды бакылау.</b> (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.</p>	<p><b>Қардың жауғанын бакылау.</b> (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.</p>	<p><b>Қардың терендігін бакылау.</b> (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Жұмбак.</p>	<p>Терезедегі қырауды бакылау. (карым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, енбек іс-әрекеті)</p>

	<p>Қыс мезгілінде шетенді бакылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай күткаруға болатындығын айту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшакарды тап". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шенбер бойымен журуге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b></p>	<p>Шыршаның құрылымы туралы түсінік кальптастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ұжыммен кар тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшени колдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары)</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Жағалаудан жағалауға". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жакқа жүгіру, секіру техникаларын дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Туга дейін секіру, "Қақпада". (дene шынықтыру)</p>	<p>Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауладагы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.</p> <p>(еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен карауды</p> <p>калыптастыру;</p> <p>ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.</p> <p><b>Кимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Аяз ата", "Қар айналады". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзіне тән кимыл-қозғалыстарды жасай</p>	<p>Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар).</p> <p>Бакылау: балалардың көnlін ауланың қай жерлерінде қалын қар жатқанына аудару, қардың каншалыкты терең екенін білуді ұсыну. Балаларга метрді көрсету және қардың әр жердегі қалындығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалындығына назар аудару.</p> <p><b>Кимылды ойын.</b> «Ақшақарды ізде». (дene шынықтыру)</p> <p>Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, кимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> гүлзарды жинастыруды үйімдастыру. (еңбек</p>	<p>Жұмбак.</p> <p>Өнері жок, колы жок, Сурет салуды біледі. (терезедегі кырау).</p> <p>Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшіне түседі.</p> <p>Бакылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына булаңып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бакша пайда болады.</p> <p>Табиғаттың қыскы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауга әрі қарай үйрету.</p> <p><b>Кимылды ойын:</b> «Қасқұлак» (Волк) (қазак халқының ойыны). (дene шынықтыру)</p> <p>«Қасқұлактан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлак» сөзді атаса сол адам өз орнында</p>
--	---	---	--	---	--

	<p><b>"Шанамен жарыс".</b> (дene шыныктыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Аятымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жоргалауга жаттыгу.</p>	<p>білуге баулу; ез әрекеттерін ойынга катаңсуышылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалгастыру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b> <b>әрекеттері:</b> <b>"Нысанага тигіз".</b> (дene шыныктыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанага затты дәлдеп лактыруға үйрету.</p>	<p>дагдылары)</p> <p>Карды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (карды тоқтатады, жел сокканда), кардан кедергілер жасау, тәрбиешіге комектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп аткарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Өз бетімен ойындар:</b> ез құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді белу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету. (дene шыныктыру)</p>	<p>жалу керек), «күзетші» тобынаи «қасқылақты» куу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре білуге дамыту.</p> <p><b>Еңбек:</b> мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуте тәрбиелу. (еңбек дағдылары)</p> <p><b>Өз бетімен ойындар:</b> ойында ез әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.</p>
<b>Серуенниен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, ез кімін өздігінен шешуге, ез қажеттері жайында айтуга машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Көркем әдебиеттен</b> <b>ойын-жаттығу</b> "Тәуелсіздік алған күн"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Домбыра" Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала киылған домбыра сұлбасын мактага оралған, бояуга</p>	<p><b>Математика</b> негіздерінен ойын- жаттығу "Құлышаштың астанаға барап жолы".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі</p>	<p>Қоршаған ортамен танысадан ойын- жаттығу "Аквариумдағы алтын балық".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балықтар туралы көркем сөздер арқылы</p>	<p><b>Мұсіндеуден ойын-</b> <b>жаттығу</b> "Тостаған".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларда ыдыс-аяқтың бір турі тостаған туралы ұғымдар қалыптастыру, тостағанның табаны,</p>

	<p>отырып, жатка айтуға үйрету; тәуелсіздік мерекесінің бүкілхалықтық екенін үгіндіру.</p> <p><b>Сейлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Біздің астанамыз — Астана қаласы. Дауыссыз [С] дыбысы".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларда, еліміздің бас қаласы туралы баяндау барысында, дауыссыз [с] дыбысын буын, сөздер құрамында айту тәртібімен таныстыру, астананың көрікті жерлері жөнінде мәліметтер беру.</p>	<p>малынған таяқша арқылы жеткіліксіз элементтермен безендіріп толтыруға үйрету.</p> <p><b>"Ою саламыз" саусақ жаттығу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қымылдарды жаттығу мәтінінің ыргагына сай орындауга дағдыландыру; ұсақ кол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу)</p> <p>Оюды саламыз:</p> <p>Бұлак, (Колдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау)</p> <p>Дөңгелек, (Шенбер салу)</p> <p>Ирек, (Толқындар жасау)</p> <p>Қанат, (Қос колмен бұлғай)</p>	<p>карама-карсы затты ұзындығы бойынша түстастырып, салыстыруга үйрету; белгілі бір мерзім өлшеміне сәйкестеп, заттардың ұзындығын салыстыруга жаттықтыру;</p> <p>заттардың ұзын не кысқа екенін айтқызып үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түйсігін, көзben мөлшерлеу, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>"Таныс пішіндер доминосы".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.</p> <p>Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.</p> <p>Барысы: балаларға суреттерді таратып беру.</p> <p>Жүргізуши бірінші суретті үстелдін ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген</p>	<p>айналасы, шеттері сияқты боліктерден тұратыны жайында түсінік беру.</p> <p><b>"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Максат-міндеттер: балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, сейлеуді дамыту, балалардың сөздік корын байту.</p> <p>Құрал-жабдықтар: ойыншықтар.</p> <p>Тәрбиеші балалардың кез келгенінен көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды және қапшыққа балаларға таныс ойыншық немесе зат салады.</p> <p>Ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмұлы досына жасырынған затты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса,</p>
--	--	---	---	--

		<p>Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Кебелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>		<p>пішінді атайды. Ойын осылай жалгаса береді. <b>(математика негіздері)</b></p>	<p>бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>"Не өзгерді?" дамытушы ойны. Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікі багдарлауды дамыту , есте сақтауды, күйлді дамыту. Құрал-жабдықтар: "Үй жануарлары" ойнышыктар жыныстығы. Ойын барысы. Мұғалім ойнышықтарды үстелге қояды, балаларға оларға карауға ұсынады. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші балалардан көздерін</p>	<p>Көркем әдебиет шығармаларын оку. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауга деген үмтүлістарын калыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке кызыгуышылтықтарын ояту. <b>(коркем әдебиет)</b></p>	<p>"Пішіні бойынша танда" (топпен жұмыс) Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. <b>(математика негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>"Лото-жануарлар" үстел ойны. Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауга үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері бойынша. <b>(коршаган ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p>"Непің төлі?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан- жануарларлық тәлдерін атауга дагдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу кабілеттерін дамыту. Құралдары: жан- жануарлардың және тәлдерінің суреттері. <b>(коршаган ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>

	<p>жұмуларын сұрайды. Сол кезде тәрбиесі бір ойыншықты алып, жасырып кояды. Балалардан көздерін ашуды сұрап, не өзгергенін сұрайды. Балалар жауап береді. Ойын осылай жалгаса береді.</p> <p><b>(коршаган ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, казақ тілі)</b></p>				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)</b>	"Бала өміріндегі дәрумендердің манызы" такырыбында кенес.	Ата-аналарға арналған кенес: "Балабакшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында үйымдастыру".	Ата-аналар арналған кенес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады".	Сұрак-жаяуп: "Балада салauатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері".	Айна бір рет "Отбасы күнін" өткізу.